

Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының»өлшемдерін (нормативтерін) есептеудің»және қолданудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1998 жылғы 25 қарашадағы N 17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 30 желтоқсанда N 658 тіркелді. Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы N 54 қаулысымен. ~V021852

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ Қазақстан Республикасының» 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 25-бабының»1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының»өлшемдерін (нормативтерін) есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін (қоса берілді).

2. Жоғарыда аталған Нұсқаулықтың 4-тармағымен айқындалған қаржы тұрақтылығының»1-ші "Өз қаражаттарының»абсолютті жеткіліктілігі" өлшемінің»(нормативінің) ең төменгі рұқсат етілген мәнін ұлттық комиссия бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының»1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 26-бабының»2-тармағында көзделген өз капиталының ең»төменгі деңгейінің талабы ретінде пайдаланатындығы белгіленсін.

3. Жоғарыда аталған Нұсқаулықтың, 1998 жылғы 01 шілде жағдайына бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия иеленген ұйымдарға қатысты 1999 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енгізілетін 4-тармақты қоспағанда, ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

4. Жоғарыда аталған Нұсқаулық Қазақстан Республикасының»Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап ұлттық комиссияның»1997 жылғы 30 шілдедегі N 112 V970359_ қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқаудың»(

Қазақстан Республикасының»Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 тамызда 359 нөмірмен V970359_ тіркелген) және "Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы" ұлттық комиссияның 1997 жылғы 30 шілдедегі N 112 қаулысының күштерінің жойылатындығы белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының»Әділет министрлігінің»"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 30 маусымдағы N 112 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ұлттық комиссияның» 1998 жылғы 13 тамыздағы N 10 қаулысын тіркеуден бас тартуына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің»1998 жылғы 07 қазандағы№N 3-2-21/3684 хаты) байланысты осы қаулының»күші жойылсын.

6. Ұлттық комиссия Төрағасының»және мүшелерінің»Қазақстан Республикасының»бағалы қағаздар рыногы Брокерлерінің»және Дилерлерінің Қауымдастығының»мүшелерімен 1998 жылғы 29 маусымда өткізген кездесудің нәтижелеріне сәйкес "Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған қаржылық тұрақтылық нормативтерін есептеу тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 30 шілдедегі N 112 қаулысының 4-тармағының»күші осы қаулымен бекітілген Нұсқаулықтың»2-тармағын күшіне енгізу күніне қатысты 1999 жылғы 01 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

7. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногының»кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтары және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның»мүшесі болып табылмайтын ұйымдарды және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының»назарына

жеткізсін;

2) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты (оны күшіне енгізгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдарды назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының»орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның»Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) есептеудің және қолдануды тәртібі туралы
Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және банктер болып табылмайтын (бұдан әрі "Брокерлер-дилерлер" деп аталады) ұйымдар сақтауға міндетті қаржы тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) белгілейді.

1-тарау. Қаржы тұрақтылығының 1-ші "Өз қаражаттарының абсолютті жеткіліктілігі" өлшемі (нормативі)

1. Брокер-дилердің өз қаражаттарының абсолютті жеткіліктілігі
Брокер-дилердің Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) өтімді ретінде таныған активтерінің арасындағы айырмашылық ретінде және оның ағымдағы міндеттемелерімен есептелетін К белгісімен (нормативімен) мына формула

1

бойынша сипатталады:

$K = LA - TO$, бұл жерде

1

K – өз қаражаттарының абсолютті жеткіліктілігінің белгісі (нормативі);

1

LA – Брокер-дилердің Ұлттық комиссия өтімді ретінде таныған, осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес есептелген активтерінің мөлшері;

TO – Брокер-дилердің осы Нұсқаулықтың 3-тармағына сәйкес есептелген ағымдағы міндеттемелерінің мөлшері.

2. Брокер-дилердің ұлттық комиссия өтімді ретінде таныған активтеріне:

1) қолма-қол ақшалар, оның ішінде шетелдік валютамен клиенттің ақшаларын шегере отырып;

2) банктің ағымдағы шоттарындағы ақшалар, оның ішінде шетелдік валютамен клиенттің ақшаларын шегере отырып;

3) жинақ банкілерінің шоттарындағы ақшалар (банктердегі жедел депозиттер және банктік депозиттік сертификаттарға инвестицияланған), оның ішінде шетелдік валютамен;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған:

АҚШ долларына номинацияланған - дисконтсыз баланстық құны бойынша; теңгеге номинацияланған - үш пайыздық дисконтпен баланстық құны бойынша;

5) он бес проценттік дисконтты баланстық құны бойынша бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың, Орталық депозитарийдің және қаржы құралдары рыногының инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын және акционерлері (қатысушылары) қаржы құралдары рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары (жарғылық капиталдағы салымдар);

6) үш пайыз дисконтты баланстық құны бойынша бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін қор биржаларының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған);

6-1) Қазақстан Республикасының өз капиталдары 5 000 000 000 теңгеден асатын ұйымдарының өзге де мемлекеттік емес бағалы қағаздары (оның ішінде басқа елдердің заңдарына сәйкес эмиссияланған), отыз пайыздық дисконтпен баланстық құны бойынша;

7) он проценттік дисконтты баланстық құны бойынша Standard & Poor's Corporation немесе Fitch IBCA немесе Moody's Investors Service рейтинг агенттіктері берген инвестициялық (алыпсатарлық емес) рейтинг деңгейі бар шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің, эмитент-мемлекеттер болғанымен, заңдарына сәйкес эмиссияланған);

8) он бес проценттік дисконтты баланстық құны бойынша шетелдік ұйымдардың Нью-Йорк, Лондон, Франкфурт және Токио қор биржаларындағы айналысқа рұқсат етілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің, эмитент-ұйымдардың мемлекеттері болғанымен, заңдарына сәйкес эмиссияланған);

9) он проценттік дисконтты ағымдағы активтердің құрамына кіретін дебиторлық борыш (оған енгізілген қысқа мерзімді қаржы инвестицияларын ықтимал шегерумен);

10) он проценттік дисконтты ұзақ мерзімді дебиторлық борыш; <*>

10-1) жиырма пайыздық дисконтпен бухгалтерлік баланс бойынша негізгі қаражаттың қалдық құны.

11) болашақ кезеңдерді»бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыларға, Орталық депозитарийге және қаржы құралдары рыногының инфрақұрылымының»бөлігі болып табылатын және акционерлері (қатысушылары) қаржы құралдары рыногының»кәсіпқой қатысушылары болып табылатын өзге де заңды тұлғаларға қайтарылатын жарналар бөлігіндегі шығыстар кіреді. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы

Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999 жылғы

30 қыркүйектегі N 45 қаулысымен. V990953_

3. Брокер-дилердің ағымдағы міндеттемелеріне:

1) қысқа мерзімді кредиттер және овердрафт;

2) ұзақ мерзімді кредиттердің ағымдағы бөлігі, егер ол ағымдағы міндеттемелерден Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шығарылып тасталмаса;

3) кредиторлық борыш клиент алдындағы міндеттемелерді шегеріп;

4) төлеу үшін есептелген шығыстар;

5) болашақ кезеңдердің»жірістері;

6) әлдеқалай болған жағдаяттар бойынша есептелген төлемдер кіреді. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы

Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999 жылғы

30 қыркүйектегі N 45 қаулысымен. V990953_

4. Өз қаражаттарының»абсолютті жеткіліктілігі өлшемінің (нормативінің) мәні кемінде:

1) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің»шоттарын жүргізу құқығын

иеленген Брокер-дилер үшін – 30.000 айлық есепті көрсеткіш;

2) клиенттердің»шоттарын жүргізу құқығынсыз Брокер-дилер үшін – 6.000 айлық есепті көрсеткіш болу керек.

2-тарау. Қаржы тұрақтылығының 2-ші "Өз қаражаттарының салыстырмалы жеткіліктілігі" өлшемі (нормативі)

5. Брокер-диллердің өз қаражаттарының салыстырмалы жеткіліктілігі Брокер-дилердің барлық міндеттемелерінің оның абсолюті қаржы тұрақтылығына қол жеткізген деңгейіне қатысы ретінде есептелетін K өлшемімен

2

(нормативімен) мына формула бойынша сипатталады:

$$K = \frac{ДО + ТО}{2 \cdot K_1}, \text{ бұл жерде}$$

K – өз қаражаттарының салыстырмалы жеткіліктілігінің өлшемі

2

(нормативі);

ДО – Брокер-дилердің осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес есептелген ұзақ мерзімді міндеттемесінің мөлшері;

ТО – Брокер-дилердің осы Нұсқаулықтың 3-тармағына сәйкес есептелген ағымдағы міндеттемесінің мөлшері;

K_1 – Брокер-дилердің қол жеткізген өз қаражатының абсолютті

1

жеткіліктілігі өлшемінің (нормативінің) деңгейі.

6. Брокер-дилердің ұзақ мерзімді міндеттемелеріне:

- 1) қамтамасыз етілген кредиттер;
- 2) қамтамасыз етілмеген кредиттер;
- 3) негізгі және еншілес ұйымдардың бір-біріне берген кредиттері (егер Брокер-дилер осындай ұйымдардың бірі болып табылса);
- 4) мерзімі ұзартылған салықтар кіреді.

7. Өз қаражатының абсолютті жеткіліктілігі өлшемінің (нормативінің) мәні кез келген Брокер-дилер үшін:

- 1) 1999 жылдың 01 қаңтарына дейін – 40,0;
- 2) 1999 жылдың 01 қаңтарынан 01 маусымына дейін – 30,0;
- 3) 1999 жылдың 01 шілдесінен бастап – 20,0 аспау керек.

3-тарау. Қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің (нормативтеріне) сәйкестілігіне бақылау жасау

8. Қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің (нормативтерінің) мәндерін

Брокерлер-дилерлер әрбір жұмыс күні күннің»басталу жағдайына есептейді. Қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің»(нормативтерінің) мәндерінің»есептері жазбаша түрде ресімделуі және Брокерлер-дилерлердің бірінші басшыларының» немесе оны ауыстыратын тұлғаларды қолдары қойылуы керек.

9. Брокерлер-дилерлер ұлттық комиссияны талап етуі бойынша оған осындай талап етуді алған күн ішінде осы күннің басталу немесе ұлттық комиссияның» талабында көрсетілген кез келген өзге де өткен күн жағдайына қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің (нормативтерінің) мәндерінің»есепін беру керек.

10. Қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің»(нормативтерінің) есептелген мәндері осы Нұсқаулықтың 4 және 7-тармақтарының шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Брокер-дилер осы сәйкессіздіктің»фактісі және себептері туралы оны жою жөніндегі шаралар жоспарын қоса бере отырып бір күн ішінде ұлттық комиссияға хабарлауға міндетті.

11. Брокерлер-дилерлер тоқсан сайын ағымдағы тоқсанның»бірінші күнінің» басты жағдайына Брокерлер-дилерлердің тоқсан сайынғы есеп берулері үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Ұлттық комиссия белгілеген мерзімдерде қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің»(нормативтерінің) мәндерінің есебін тапсыруға міндетті. Қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің» (нормативтерінің) мәндерінің»осы Нұсқаулықтың 4 және 7-тармақтарының» шарттарына сәйкес келмеген жағдайда бұндай есептерге сәйкессіздіктердің» себептеріне жасалған түсіндірме және оларды жою жөніндегі шаралар жоспары қоса жолдану керек.

12. Осы Нұсқаулықтың 4 және 7-тармақтарының»шарттарын Брокер-дилердің »бұзуы Ұлттық комиссия Директоратының, заң бұзушылықтың ауырлығына қарай, бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы немесе оны қайтарып алу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Осы Брокер-дилер мүшесі болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының өтініші болған кезде Ұлттық комиссияның Директораты бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны қолдануды тоқтата тұрмауға және осындай лицензияны қайтарып алмауға құқылы. Осы өтінішті берудің тәртібі бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының оның басқару органының (Биржалық кеңесінің, қауымдастық кеңесінің/Президиумының) Ұлттық комиссия Директоратымен келісу бойынша бекіткен нормативтік актісімен айқындалу керек (осы бөлік Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 09 көкектегі N 27 қаулысымен енгізілген). <*>

Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны тоқтата тұрмау және осы Брокер-дилерге қаржы

тұрақтылығының өлшемдерін (нормативтерін) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтіру жөнінде қосымша мерзім беру туралы өтінішін Ұлттық комиссияның Директораты қанағаттандырған жағдайда, осы Брокер-дилер аталған мерзім аяқталғанға дейін осы Нұсқаулықтың 10-тармағымен белгіленген міндеттерді орындаудан босатылады (осы бөлік Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 09 көкектегі N 27 қаулысымен енгізілген). <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.09. N 27 V990795_ қаулысымен.

13. Ұлттық комиссия Директораты осы Нұсқаулықтың»4 және 7-тармақтарының»шарттарын Брокер-дилердің»бұзуы туралы мәселені қараған кезде:

1) осы Нұсқаулықтың 8, 9, 10 немесе 11-тармақтарының»шарттарын бұза отырып жасалған заң бұзушылық;

2) қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің (нормативтерінің) Брокер-дилер қол жеткізген мәндерінің осы Нұсқаулықтың»4 және 7-тармақтарымен рұқсат етілген мәндерінен жиырма немесе одан да көп проценттерге ауытқуы;

3) Брокер-дилердің клиенттері (инвесторлардың»және басқа жорамал

клиенттердің) құқықтарының»және заңмен не келісіммен қорғалатын мүдделерінің»бұзылуына байланысты заң»бұзушылық;

4) жүйелі сипаттағы (күнтізбелік тоқсан ішіндегі үш және одан да көп) заң»бұзушылық ауыр жағдаяттар болып танылады.

Ұлттық комиссияның»Төрағасы

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.